БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 121 от 24.06.2022

№

Орал қаласы

город Уральск

«Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 «Жекешелендірудің 2021 - 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің 2022 жылғы 8 маусымдағы № 4-3/1404 хатына сәйкес, коммуналдық мүлікті тиімді басқару мақсатында Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1.«Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) оған осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес заңды тұлғаларды (бұдан әрі –Заңды тұлғалар) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылған Серіктестіктің өткізу актілері және Жарғысы бекітілсін.

3.Ақжайық, Бөкей ордасы, Казталов, Жаңақала, Жәнібек, Бәйтерек, Қаратөбе, Сырым, Теректі, Тасқала, Шыңғырлау аудандары әкімдіктері заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Заңды тұлғалардың орналасқан жеріндегі салық органына, барлық несие берушілеріне біріктіру туралы жазбаша хабарлама берсін және ресми баспасөз органдарында тиісті хабарландыру жарияласын;

2) Заңды тұлғалардың әкімшілік-басқарушылық, өндірістік және өзге де персоналдарының штат бірліктерін, мүлкі, құқықтары және міндеттемелерін қайта ұйымдастырылған Серіктестікке бекітілген табыстау актілерімен табыстасын.

Дата: 12.08.2022 12:30. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.8.9. Положительный результат проверки ЭЦП

4. «Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Серіктестіктің Жарғысын, құрылымы мен штат санын бекітуге, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге уәкілеттік берілсін.

5.«Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

6. «Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесізаңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Серіктестіктің мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны іске асыру жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асырсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Т. Е. Каюповқа жүктелсін.

Облыс әкімі **Ғ. Есқалиев**

070.03 Управление государственных закупок Западно-Казахстанской области
Дата: 12.08.2022 12:30. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.8.9. Положительный результат проверки ЭЦП

2022 жылғы «__» _____ № _____
Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
қаулысына 1-қосымша

«Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне біріктірілетін заңды тұлғалардың тізбесі

Р/с	Ұйымныңатауы
1.	Ақжайық ауданы әкімдігінің «Игілік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2.	Бәйтерек ауданы әкімдігінің «Достастық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
3.	Бөкей ордасы ауданы әкімдігінің «Жаңғырту 2013» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
4.	Жаңақала ауданы әкімдігінің «Қамыс-Самар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
5.	Жәнібек ауданы әкімдігінің «Жәнібек Сәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
6.	Казталов ауданы әкімдігінің «Казталов-сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
7.	Қаратөбе ауданы әкімдігінің «Қаратөбе - 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
8.	Сырым ауданы әкімдігінің «Жымпиты-сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
9.	Тасқала ауданы әкімдігінің «Қалатас» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
10.	Теректі ауданы әкімдігінің «Теректі-үй жөндеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
11.	Шыңғырлау ауданы әкімдігінің «Жаңғырту 2012» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Дата: 12.08.2022 12:30. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.8.9. Положительный результат проверки ЭЦП